


АРЗАННЫҢ АУЫР САЛДАРЫ

4-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ



ҚАЖЫМҰҚАН ҚАЛАЙ ШЫҚҚАН?

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

Адамның жақсы болуы тегінде емес, тәрбиесінде, ақылында, өнер-білімінде. Адамға үш алуан адамнан мінез жұғады: ата-анадан, ұстазынан, құрбысынан. Әсіресе, олардың қайсысын жақсы көрсе, содан көп жұғады.

Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

№37
(4935)
Сейсенбі
31 наурыз
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Сұлтан СЕЙІТ



АСТАНАНЫҢ КЕЛЕШЕГІН АЙҚЫНДАЙДЫ

«Ашық НҚА» порталында Астананың мәртебесін айқындайтын Конституциялық заңның жобасы жария етілді. Ұлттық экономика министрлігі әзірлеген, 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілетін Конституциялық заң жобасында тұрғындар тұрмысын жақсартуға тікелей әсер ететін бірнеше маңызды норма енгізілген.



Астана халықаралық әуежайында Ташкент – Астана – Ташкент бағыты бойынша тұрақты жолаушылар рейсі іске қосылды.

Рейстер аптасына үш рет – дүйсенбі, жұма және жексенбі күндері заманауи әрі жайлы Airbus A320 әуе кемелерімен орындалады. Ұшу уақыты шамамен 2 сағатты құрайды. Барып-қайту әуе билеттерінің ең төменгі бағасы багажсыз шамамен 85 мың теңгеден басталады.

КЕҢІСТІК ПЕН ГҮЛЗАР АШЫЛАДЫ


Астана қаласының Урбанистика орталығы елордада жаңа қоғамдық кеңістіктер мен гүлзарлар ашылатынын мәлім етті.

Негізгі жобалардың бірі – Б.Момышұлы даңғылында жүзеге асырылады. Тәуелсіздік даңғылынан М.Жұмабаев көшесіне дейінгі учаскеде қоғамдық кеңістікті кешенді жаңарту жоспарланған – жаяу жүргіншілерге қолайлы орта, көгалдандыру және сапалы қалалық орта қалыптастыруға басымдық беріледі.

Жоба аясында көше жарығын жаңарту, ірі ағаштар отырғызу, жаяу жүргіншілер инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ тұрғын үйлер маңында жайлы демалыс және шағын саябақ аймақтарын құру қарастырылған.

«Сәтпаев көшесімен қиылысында жаңа гүлзар пайда болады. Бұрын бұл аумақ тұрғын үй құрылысына қарастырылған, алайда оны тұрғындар үшін сақтап, жасыл қоғамдық кеңістік қалыптастыру туралы шешім қабылданды.

Мұндай шешімдер қаланың басты басымдығын көрсетеді – өмір сүруге қолайлы, қолжетімді және теңгерімді ортаны дамыту» делінген хабарламада.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ЖАҢА САБАҚ – ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ

Еліміздің барлық өңірінде 1000-ға жуық мектеп пен колледжде «Заң және тәртіп» жобасы аясында құқықтық мәдениет сабағы басталды.

Жобаны ауқымды түрде енгізу туралы шешім Алматы облысының Талғар ауданында жүргізілген пилоттық кезеңнің қорытындысы негізінде қабылданды. Әзірге жаңа сабақпен Шымкент қаласы, Қарағанды және Павлодар облыстарының білім ұйымдары қамтылып отыр.

Оқу-ағарту министрлігі мәліметінше, «Қазақстан балалары» тұжырымдамасы аясында «Заң және тәртіп» жобасы республика бойынша кезең-кезеңімен енгізілетін болады. Бұл сабақ мектептерде құқық бұзушылықтардың алдын алу мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алудың бірыңғай тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

№37 (4935) 31/03/2026 Сейсенбі

АҚОРДА



ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын өткізді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасының 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясын жүзеге асыру қорытындысы шығарылды.

Үкімет негізгі көрсеткіштерге қол жеткізу туралы есеп берді. Сондай-ақ бірқатар салалық мемлекеттік орган жетекшілері басты бағыттар бойынша баяндама жасады. Мемлекет басшысы геосаяси ахуалды ескере отырып, қоғамдық, экономикалық, экологиялық, су және азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерін пысықтау қажеттігіне назар аударды.

Бұдан бөлек, отырыста Қазақстан Республикасының 2026-2030 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясының жобасы қаралды. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің маңызды құрамдас бөлігі саналатын бұл Стратегия алдағы бес жылда болуы ықтимал сын-қатерлерге төтеп берудің негізгі тәсілдерін анықтайды. Жиында Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин орта мерзімге арналған басымдықтар, мақсатты индикаторлар мен стратегиялық тәуекелдерді басқару механизмдері жөнінде баяндады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, жаңа Конституцияны қабылдау арқылы мемлекет дамуындағы жаңа кезеңге қадам басып, Қазақстанның Тәуелсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын сенімді түрде қорғауға мүмкіндік туды. Ал аталған Стратегия конституциялық қағидаттардың мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етіп, еліміздің тұрақты әрі қарқынды дамуына жағдай жасайды. Мемлекет басшысы ұлттық мүддені қорғау міндеттерін сапалы орындаудың маңызына баса мән берді. Оның қатарына, атап айтқанда, қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету; азаматтарды, қоршаған ортаны және ақпараттық кеңістікті қорғау деңгейін арттыру; киберқауіпсіздік шараларын күшейту және әлеуметтік-экономикалық саладағы тәуекелдерді азайту мәселелері кіреді.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев экономика, білім мен технология салаларында сұранысқа ие білікті шетелдік мамандарды тартуға қолайлы жағдай жасайтын бағдарламаны жеделдетіп әзірлеуді тапсырды.

СУ ТАСҚЫНЫНЫҢ АЛДЫН АЛАДЫ

Су ресурстары министрлігі су қоймаларындағы жағдайға түсінік берді. Құзырлы ведомствоның хабарлауынша, тасқын суды қабылдап, қауіпсіз өткізу үшін еліміздің солтүстік, батыс, шығыс және орталық өңірлеріндегі ірі су қоймаларынан су жіберіліп жатыр.

Өңірлер бойынша қазіргі ахуал мынадай: Ақмола облысында Сілеті су қоймасынан секундына 16,74 текше метр, Шағалалы су қоймасынан 16,67 текше метр су жіберілуде. Ақтөбе облысында Ақтөбе су қоймасынан секундына 1 текше метр және Қарғалы су қоймасынан секундына 0,3 текше метр су жіберіліп жатыр. Бүгінгі таңда екі нысан орта есеппен 37%-ға толы.

Шығыс Қазақстан облысында Бұқтырма су қоймасынан секундына 315 текше метр, ал Өскемен су қоймасынан 421 текше метр су жіберілуде. Абай облысында Шүлбі су қоймасынан секундына 661 текше метр су жіберіліп жатыр. Батыс Қазақстан облысында Киров су қоймасынан секундына 6 текше метр және Бітік су қоймасынан секундына 7 текше метрден, Дөңгелек және Пятимар су қоймаларынан секундына 2 текше метрден су жіберілуде. Қарағанды облысында Ынтымақ су қоймасынан секундына 3 текше метр, Самарқанд су қоймасынан секундына 3 текше метр су жіберілуде. Қостанай облысында Жоғарғы Тобыл су қоймасынан секундына 1,1 текше метр және Қаратомар су қоймасынан секундына 3 текше метрден су жіберілуде. Солтүстік Қазақстан облысында Сергеев су қоймасынан секундына 15,8 текше метр, Петропавл су қоймасынан 28,16 текше метр су жіберіліп жатыр.

АҚЫЛЫ ЖОЛДЫҢ АҚШАСЫ ҚАЙДА ЖҰМСАЛАДЫ?

Елімізде биыл ақылы жолдардан 100 миллиард теңге көлемінде қаржы жиналмақ. Бұл туралы «ҚазАвтоЖол» компаниясының басқарма төрағасы Дархан Иманашев мәлімдеді. Орталық коммуникациялар қызметіндегі брифингте Д. Иманашев: «2025 жылы ақылы жолдар арқылы 87 миллиард теңге жинадық» деп түсіндірді.

Оның айтуынша, 2026 жылға 97-100 миллиард теңге көлемінде жинау жоспарда бар. Ол сондай-ақ жиналған қаражаттың нақты қандай мақсатқа жұмсалатынын айтып берді.

«Қаражат күтіп ұстауға жұмсалады. Оған 30% көлемінде қаражат жұмсалады. Бізде ақылы жолдарда арнайы камера, қызметкерлер бар. Оларды күтіп ұстауға 10% жұмсалады. Көбіне қаражаттың бәрі арнайы техника сатып алу үшін жұмсаймыз. Мысалы, соңғы екі жылдың ішінде 1 200 арнайы техника сатып алдық. Биыл 800 дана техника сатып алу жоспарда бар. Бізде техника қажеттігі 2 000 көлемінде. Сол себепті жыл сайын арнайы техника сатып алу жұмыстарымен айналысып отырмыз» деді Д.Иманашев.

Ал отандық автокөлік жүргізушілері көлігі зақымдалғаны үшін «ҚазАвтоЖолды» сотқа берді. Мұндай ақпаратты компанияның басқарма төрағасы растады.

ҮКІМЕТ

ОРТАҚ ШЕШІМДЕРДІ БІРЛЕСЕ ІЗДЕЙДІ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектенов Халықаралық Аралды құтқару қорының басқарма мүшелерімен кездесу өткізді. Сондай-ақ Қазақстан аталған қорға төрағалық етуін биыл аяқтайды.

Жиынға Тәжікстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Сулаймон Зиёзода, Түрікменстан Министрлер кабинеті төрағасының орынбасары Тангрыгулы Атахаллыев, Өзбекстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Шухрат Ганиев, Өзбекстан Республикасының су шаруашылығы министрі Шавкат Хамраев, Қырғыз Республикасының Су ресурстары, ауыл шаруашылығы және қайта өңдеу өнеркәсібі министрінің орынбасары – Министрлік жанындағы Су ресурстары қызметінің директоры Алмаз Жээналиев, Халықаралық Аралды құтқару қоры атқарушы комитетінің төрағасы Асхат Оразбай, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салалық министрліктері мен ведомство басшылары қатысты.



Су шаруашылығы саласындағы өңірлік ынтымақтастықты әрі қарай дамыту, Қор қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ биылғы 22 сәуірде Астанада өтетін ХАҚҚ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысына дайындық мәселелері қаралды. Олжас Бектенов Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған Аралды құтқару және трансшекаралық су ресурстарын тұрақты басқару мәселелері басым бағыттар қатарында екенін атап өтті. ХАҚҚ отыз жылдан астам уақыт бойы Орталық Азия мемлекеттерінің су, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық салалардағы өзара әрекеттесуінің негізгі өңірлік алаңы болып отырғаны баса айтылды.

Кездесу барысында су есебін жүргізу мен басқаруды цифрландырудың маңыздылығы атап өтілді.

«Мұнда Сырдария және Әмудария өзендері бассейндерінде су ресурстарын есепке алу, мониторинг жүргізу және бөлу бойынша бірыңғай автоматтандырылған жүйені кезең-кезеңімен енгізу туралы сөз болып отыр. Цифрландыру мен есепке алу су пайдаланудың ашықтығын қамтамасыз етеді деп ойлаймын. Сенімді деректердің болуы және бірлескен мониторинг мемлекеттер арасындағы сенімнің негізі болып саналады және су ресурстарын басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Қазіргі заманғы шарттық-құқықтық базаны қалыптастыру аясында Қазақстан Орталық Азияның су ресурстарын пайдалану жөніндегі Негіздемелік конвенциясын пысықтауды қолдайды. Құжат су ресурстарын ұтымды пайдалану, трансшекаралық зиянның алдын алу және гидрологиялық ақпарат алмасуды дамыту бойынша келісілген қағидаттарды бекітуі тиіс. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық су проблемаларын шешу үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы аясында Халықаралық су ұйымын құруды ұсынды. Бұл бастама күш-жігерді біріктіруге және қосымша ресурстарды тартуға, соның ішінде өңірлік жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар сындарлы диалогты жалғастыруға, су дипломатиясын дамытуға және өңірдің су ресурстарын тұрақты басқаруға, сондай-ақ Арал теңізі бассейніндегі экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған ортақ шешімдерді бірлесіп іздеуге мүдделі екенін растады.

БАҒАНЫҢ ӨСУ ИНДЕКСІ ТӨМЕНДЕДІ

Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен инфляцияны тұрақтандыру жөніндегі кезекті кеңесте бірінші тоқсанның алдын ала қорытындылары қаралды.

Сауда және интеграция министрлігінің мәліметінше, наурыз айында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының орташа өсу индексі 0,3%-ды құрады. Бұл өткен жылдың наурыз айымен салыстырғанда (0,9%) үш есе төмен. Жалпы алғанда, бірінші тоқсанда баға өсімі 1,2% болды, бұл да 2025 жылдың осы кезеңіндегі деңгейден (3,8%) үш есе төмен. Бұл динамика баға өсімінің тұрақты баяулауын көрсетеді.


Кеңесте ресми статистика тұтыну бағалары индексін есептеудің халықаралық әдістемесіне сәйкес қалыптастырылатыны және 537 тауар мен қызмет түрін қамтитыны айтылды. Мониторинг бүкіл ел бойынша 12 мыңнан астам сауда нысанында жүргізіледі. Ішкі сауда жүйесінде шамамен 760 мың кәсіпкерлік субъектісі жұмыс істейді, олардың 300 мыңнан астамы азық-түлік өнімдерін сатумен айналысады.

Бағаның негізгі төмендеуі көкөніс тобы бойынша тіркелді. Қырыққабат 1,9%-ға, қызанақ 2,6%-ға, пияз 10,9%-ға, қияр 22,6%-ға арзандады. Жыл басынан бері қияр бағасы 31,1%-ға төмендеді. Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижановаңың айтуынша, нарықты отандық өніммен қамтамасыз етудегі оң динамика көбіне жылыжай шаруашылықтарын қолдау бағдарламасының арқасында мүмкін болды. 2025 жылдың қорытындысы бойынша жылыжайлардың жалпы алаңы 1,33 мың гектарды құрап, 2024 жылмен салыстырғанда 12,6 гектарға артты. Негізгі өсім фермерлік жылыжайлар есебінен қамтамасыз етілді – 713,3 гектардан 799,4 гектарға дейін. «Қазіргі уақытта министрлік өнеркәсіптік жылыжайлармен қызанақ пен қияр бағасын тұрақтандыру жөнінде меморандумдар жасасу бойынша келіссөздер жүргізуде» деп хабарлады Айжан Бижанова.

Оған қосымша «ҚТЖ» ҰК» АҚ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының барлық түрін, сондай-ақ әлеуметтік нан өндіруге арналған ұнды тасымалдауда теміржол тарифтеріне айтарлықтай жеңілдіктер беру мәселесін пысықтауда. Көктемде ерте пісетін көкөністерге бағаның маусымдық өсуі ескеріле отырып, ел нарығындағы өткен жылғы өнім қоры мен басқа елдерден жеткізілетін ерте пісетін өнімдердің жағдайы да өз алдына бөлек қаралды. Қазіргі уақытта тұрақтандыру қорларындағы өткен жылғы өнім қорлары қарқынды түрде сатылуда. Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректеріне сәйкес, олардың қалдығы жалпы қор көлемінің шамамен 24%-ын құрайды.

Наурыз айының басынан бастап елдің ішкі нарығына Қытайдан жаңа көкөністердің күнделікті жеткізу ұйымдастырылды. Қазіргі уақытта 3200 тонна картоп, 800 тонна сәбіз, 14 тонна ақ қырыққабат жеткізілді. 31 наурыз күні Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті, өңірлік ӘКК, ірі сауда желілері, KTZ-Express және QazTrade өкілдерінен құралған делегация ерте пісетін өнімдерді сатып алу үшін Өзбекстанның оңтүстік өңірлеріне барады.

№37 (4935) 31/03/2026 Сейсенбі



ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Арқаның ақтүтек бораны басылып, мұздың көбесі сөгіліп, Астана жұрты арқасын кеңге сала бастады. Қыстың қытымыр ызғары қайтып, көктемнің шуағы сезілген сәттен бастап елордада ауқымды санитарлық тазалау жұмыстары қарқын алды. Қала көшелері жаңарып, тіршілік тамыры қайта бүлкілдей түсті.

Бүгінде шаһардың барлық аудандарында жүйелі тазалық жұмыстары жүргізілуде. Қыс бойы қар мен мұздың астында қалған көпірлер, жолдар, тротуарлар, қоршаулар мен жол белгілері толықтай жуылып, ретке келтірілуде. Ал коммуналдық қызмет мамандары қаланың инфрақұрылымын қалпына келтіру үшін тәулік бойы еңбек етуде. Бұл жұмыстар тек сыртқы тазалықпен шектелмей, қауіпсіздік пен қолайлылықты арттыруға да бағытталған.

Сонымен қатар, тұрғын үйлердің аулаларында, гүлзарлар мен саябақтарда жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары да қатар жүргізілуде. Қыстан кейін бүлінген орындар қалыпқа келтіріліп, балалар алаңдары мен демалыс аймақтары жаңартылуда. Жасыл желектерді күтіп-баптау, ағаштарды бұтау жұмыстары да ерекше назарда.

Қала әкімінің хабарлауынша ауа райы толық жылынған кезде абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары бұрынғыдан да қарқын ала түспек.

«Өткен жылы 170 аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылып, 1 миллионнан астам жасыл желек (көшеттер, бұталар, ағаштар) отырғызылды. Биыл да сол қарқынды сақтап қалуды жоспарлап отырмыз» деп мәлімдеді қала әкімі Жеңіс Қасымбек.

АСТАНАНЫҢ КЕЛЕШЕГІН АЙҚЫНДАЙДЫ

Ашық НҚА порталында Астананың мәртебесін айқындайтын жаңа Конституциялық заң жобасы жарияланды. Құжатты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі әзірлеген. Заң жобасында қарапайым тұрғындардың өміріне тікелей әсер ететін бірқатар маңызды өзгерістер қарастырылған.

Онда ең алдымен, елордаға қоныстану тәртібі қатаңдатылуы мүмкін. Құжатқа сәйкес, мәслихат Астана аумағында тұрақты және уақытша тіркеу нормативтерін бекітеді, ал әкімдік сол талаптарды әзірлейді. Яғни, қалаға көшіп келу мен тіркелу мәселесі жергілікті билік тарапынан нақты реттеліп отырады.

Екінші маңызды бағыт – жер мен жылжымайтын мүлікке қатысты мемлекеттік өкілеттіктердің кеңеюі. Заң жобасы әкімдікке мақсатқа сай пайдаланылмай жатқан жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою үшін сотқа жүгіну құқығын береді. Сондай-ақ мемлекет мұқтажы үшін жерді алу тәртібі толық нақтыланбақ. Бұл жағдайда меншік иелеріне алдын ала хабар беріледі, мүліктің нарықтық құны есептеледі және өтемақы төлеу қарастырылады. Дегенмен, өтемақының төленуі мен оның мөлшерін анықтауда соңғы шешім мемлекет құзырында қалады.

Үшінші бағыт – тұрғын үй қорын жаңарту. Заң жобасында апаттық деп танылған көпқабатты үйлерді бұзу процесін жеделдету көзделген. Бұл үшін әкімдікке арнайы өкілеттік беріледі. Сонымен қатар, қалада бірыңғай сәулеттік келбет қалыптастыру мақсатында көпқабатты үйлерді міндетті түрде жөндеу тетігі енгізіледі. Егер тұрғын үй осындай тізімге енсе, жөндеу жұмыстары жүргізіліп, шығындары мемлекет есебінен өтеледі.

Жалпы алғанда, бұл заң жобасы Астананың дамуын жүйелі түрде реттеп, қаланың инфрақұрылымын жақсартуға және өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған. Құжат қабылданған жағдайда, Конституциялық заң 2026 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енеді.

БӨРТЕ ГАРВАРДҚА ОҚУҒА ТҮСТІ



Астана қаласындағы Республикалық физика-математика мектебінің оқушысы Бөрте Сайранбекқызы Harvard University университетіне оқуға қабылданды.

Оқушы Advanced Placement бағдарламасының мүмкіндіктерін тиімді пайдаланды. Оқу барысында табандылық пен еңбекқорлық танытқан оқушы 10-сыныптан кейін түрлі пәндер бойынша 7 емтихан тапсырып, AP International Diploma иегері атанды.

Бөрте қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгерген. Сонымен қатар қытай тілін оқып, Advanced Placement бағдарламасы аясында қытай тілінен де емтихан тапсырды. SAT, IELTS, CAE және HSK халықаралық емтихандарында жоғары нәтижелер көрсетті.

Мектеп бағдарламасы аясында ғылыми жобалармен айналысты. Мектептің қолдауымен халықаралық ғылыми бағдарламаға іріктеуден өтіп, АҚШ университеті профессорының жетекшілігімен білім алып, зерттеу жұмыстарын жүргізді. Оқу барысында Бөрте академиялық жүктемені әлеуметтік және шығармашылық бастамалармен ұштастыра білді.

Үздік шәкірттің айтуынша, Harvard University-ге түсу жүйелі дайындықтың, тұрақты мотивацияның және тиімді білім беру ортасының нәтижесі болды.

ПРОКУРАТУРА ЕСКЕРТЕДІ

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

«Заң мен тәртіп» қағидатын жүзеге асыру аясында Астана қалалық прокуратурасы полиция департаментімен және қала әкімдігімен бірлесіп қалалық Жедел медициналық көмек станциясында нашақорлықты алдын алу, жүргізушілер мен медициналық қызметкерлер үшін еңбек заңнамасын түсіндіру бойынша ақпараттық-түсіндіру жүргізді.

Кеңес барысында кейбір ахуалдық жағдайлар талқыланып, тақырыптық бейнероликтер көрсетілді.

Жыл басынан бері Астанада заңсыз есірткі айналымына қатысты шамамен 200 қылмыстық іс тіркелген, сонымен қатар есірткіні сатумен айналысқан адамдарға қатысты 100-ден астам іс қозғалған. Заңсыз айналымнан шамамен 100 килограмм есірткі тәркіленген. Мамандардың мәліметінше, ұсталған адамдар көбінесе есірткі тарататынын өзі де білмейді. Сондай-ақ «курьерлердің» қызметі әдетте екі айдан аспайды. Заңсыз заттарды тарату үшін қылмыскерлер әртүрлі әдістерді қолданады: граффити жазулар салу, QR-кодтары бар билбордтар орналастыру, жарнамалық парақшаларды тарату, штамптарды пайдалану, сондай-ақ интернет-сайттар құру. Биылдан бастап есірткіні жарнамалайтын 400-ден астам интернет-ресурс анықталған.

Полиция есірткі қылмысы ауыр және аса ауыр категорияға жататынын еске салды. Мұндай қылмыс үшін қылмыстық жауапкершілік 14 жасқа толған кезден басталады. Егер сізге психоактивті заттарды сақтау немесе тарату фактілері, сондай-ақ осы құқық бұзушылықтарға қатысы бар адамдар туралы ақпарат белгілі болса, оны Астана қаласы Полиция департаментінің нашақорлыққа қарсы басқармасының анонимді сенім телефондарына хабарлай аласыз.

Қоңыраулар тәулік бойы қабылданады: 71-63-93 және 102.

ТЕГІН ОНКОСКРИНИНГТЕН ӨТТІ

Астанада онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі кешенді жоспар аясында бірқатар ақпараттық-профилактикалық іс-шаралар өтті.



2026 жылғы 28 наурызда Астана қаласы әкімдігінің «Көпбейінді медициналық орталығы» онкологиялық ауруларды ерте анықтауға арналған Ашық есік күнін өткізді. Осы күні сағат 09:00-ден 14:00-ге дейін елорда тұрғындары тегін профилактикалық тексеруден өтіп, мамандардан кеңес алу мүмкіндігіне ие болды.

Қабылдауды әртүрлі бейіндегі дәрігерлер жүргізді: онкохирургтер, гинекологтар, онкоурологтар, ультрадыбыстық диагностика мамандары, цитологтар және зертхана қызметкерлері.

Акция аясында барлығы 214 адам қабылданды. Оның ішінде: бүйрек обырының алдын алу бойынша – 60 адам, жатыр мойны обырын ерте анықтау бойынша – 109 әйел, колоректальды обыр бойынша – 45 адам. Тексеру барысында тұрғындар мамандардан кеңес алып, қосымша тексерулерге ұсыныстар алды, сондай-ақ қажетті диагностикалық процедурадан өтті. Барлығы 104 ультрадыбыстық зерттеу жүргізіліп, 100 онкоцитологияға жағынды алынды.

Қорытынды бойынша 4 қатерлі ісікке күдік анықталды (оның ішінде бауыр, ұйқы безі және бүйрек обыры), 9 ісік алды жағдайы және 47 өзге де ауру тіркелді. Қаланың штаттан тыс бас онкологы Мұхтар Төлеутаев онкологиялық ауруларды ерте анықтау дертті бастапқы кезеңде анықтауға және емдеудің тиімділігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті. Мұндай профилактикалық іс-шаралар халық денсаулығын сақтауда және онкологиялық сақтықты арттыруда маңызды рөл атқарады.

Пациенттер қабылдауға ризашылықтарын білдіріп, дәрігерлерге қамқорлығы үшін алғыс айтты.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 30 қыркүйектегі № 505 бұйрығымен бекітілген Қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының талаптарына сәйкес, «Мектеп» объектісін жерге орналастыру бөлігінде егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды, мекенжайы: Астана қаласы, Нұра ауданы, Қ.Мұхамедханов көшесі, 37В, тапсырыс беруші «Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ.

Қоғамдық талқылаулар 2026 жылғы 30 сәуірде сағат 10:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде zhanarys.kadyrov@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

№37 (4935) 31/03/2026 Сейсенбі

Астанада косметология қызметі нарығы соңғы жылдары қарқынды дамып келеді. Эстетикалық медицина күнделікті сұранысқа ие салаға айналды. Әсіресе бет жасарту, инъекция процедуралары (ботокс, филлер), аппараттық лифтинг сияқты қызметтерге қызығушылық артқан. Алайда бұл қауіпсіздік мәселесін де алға шығарды. Лицензиясы бар клиникалар мен көлеңкелі қызмет көрсетушілер қатар жұмыс істеп тұр. Сондықтан әсемдікке ұмтылған қыз-келіншектер үшін дұрыс таңдау жасау күйіп тұрған мәселеге айналды.



КОСМЕТОЛОГИЯ: АРЗАН ПРОЦЕДУРАНЫҢ АУЫР САЛДАРЫ

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Ашығын айту керек, косметология сұлулық емес, медицина қызметіне жатады. Әсіресе инъекция процедуралары, лазер және аппарат әсерлері немесе теріге инвазиялық араласулар. Бұлардың барлығын жасау үшін міндетті лицензия қажет. Ресми түрде айтсақ, «ҚР Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекс және медицина қызметін лицензиялау қағидаларына сәйкес, аталмыш қызметті тек медициналық білімі бар маман жүргізуі тиіс. Екіншіден, клиника санитарлық талаптарға сай болуы керек. Одан бөлек, қолданылатын препараттар тіркелгені жөн.

НЕГІЗГІ ҚАУІП – АСҚЫНУ

«Елордада лицензияланған клиникалар сегменті жоқ деп айтуға болмайды. Мәселен, Lucem medical clinic, Tulip Medicine, ANNA Vi Clinics, тағы басқа орталықтарда тек халықаралық стандарттағы препараттар қолданылады. Косметологтар үшін пациенттің қауіпсіздігі бірінші орында тұруы тиіс. Өкініштісі, дәл осы салада көлеңкелі қызмет айтарлықтай кең таралған. Бұл ресми тіркелмеген, лицензиясыз қызмет көрсететін тұлғаларға қатысты. Олар үй жағдайында процедура жасай береді. Instagram, TikTok арқылы жарнама беріп, шақырады. «Арзан ботокс», «акция» деп таргет арқылы түрлі қызықтыратын ұсыныстар жібереді. Маман ретінде айтсам, мұның артында препарат сапасының төмендігі, маман білігінің жеткіліксіздігі, қауіпсіздік стандартының сақталмауы тұрады» дейді косметолог Гүлзат Анарбекқызы.

Оның айтуынша, косметологиядағы негізгі қауіп – асқыну. Өзінің тәжірибесінде жарнама арқылы арзан қызмет алып, салдарынан бет асимметриясын бұзып алған, инфекция түскен, аллергияға реакция берген, тіпті тері некрозына ұшыраған тұтынушылардың шағымына куә болған. Өкініштісі, ондай қыз-келіншектерді көбі заң жүзінде ондай қызметке шағым білдіруге құлықсыз көрінеді.

ЛИЦЕНЗИЯ СҰРАСАҢ, ДИАЛОГ ТОҚТАЙДЫ

Журналистік эксперимент ретінде Instagram арқылы ұсынылған бірнеше қызмет түріне хабарласып көрген едік. Астанадағы баға айтарлықтай айырмашылыққа ие. Мәселен, айтулы клиникаларда ботокс жасату 80000-200000 аралығында болса, шағын кабинеттерде жасату 30000-70000 аралығын құрайды. Ал әйелдерге таныс филлер қызметі лицензиясы бар орталықтарда 120000 мен 600000 теңгеге дейін барады. Ал жарнама арқылы шақырып жатқан орталықтардағы орташа баға 50000-150000 екен. Нақты айтсақ, арзан бағадағы орталықтар препарат атауын айтуға құлықсыз көрінді. Құжат сұратсаңыз, «Орталыққа келуіңіз керек» немесе «Кейін жібереміз» деген жауаптан әрі аспады.

ЕКІ ТҮРЛІ ТӘЖІРИБЕ

Сұлулық орталықтарына барып, бет әлпетін жақсартып жүрген кейбір келіншектердің пікірі әртүрлі. Бірі мақтайды, енді бірі өкінішін жасырмайды.

– «Астанаға Алматыдан мықты хирург келеді» деген жарнаманы көрген бойда алдын ала жазылдым. Бағасы, әрине, нарықтағы бағадан бірнеше есе қымбат. Блефаропластика жасату барысында кенеттен қан қысымым көтеріліп кетті. Оның үстіне бір көзімнен тоқтамай қан атқылады. Сол кезде қатты қорқып, не істерімді білмей қалдым. Қол-аяғым дірілдеп, жүрегім ерекше дүрсілдеп кетті. Дәрігер сабырға шақырып, бәрін бақылауда ұстап отырғанын айтты. Абырой болғанда, біраз уақыттан кейін қан тоқтап, процедура аяқталды. Қазір бәрі жақсы, бірақ сол сәт есіме түссе, әлі де қорқамын. Бұрын мұндай процедуралар жеңіл сияқты көрінетін. Енді түсіндім, бұл – жай ғана «сұлулық қызметі» емес, денсаулыққа қатысты маңызды нәрсе. Сондықтан мұндай қадамға барарда міндетті түрде мықты маманды таңдау керек әрі лицензиясын тексеру керек деп ойлаймын. Егер арзанқол орталыққа барып жасатқанымда қандай жағдайда қалатынымды ойласам, әлі күнге дейін шошимын, – дейді қала тұрғыны Шахизада Орынбаева.

Керісінше, әлеуметтік желідеге жалған жарнамаға сеніп барған елордалық келіншек (аты-жөнін айтқысы келмеді) маңдай бөлігіне жасатқан ботокстан кейін бет әлпетінің бұзылысын байқаған.

«Басында бәрі жақсы сияқты көрінді. Бірақ ботокс салдырғаннан кейін қасым бұрынғыдай қозғалмай қалды, бір жағы төмен түсіп кеткендей болды. Айнаға қарасам, бір көзім екіншісіне қарағанда кішірек, қабағым да сәл түсіп кеткен сияқты болды. Мимикам өзгеріп кетті. Күлу де, таңдану да бұрынғыдай емес. Бетім «қатып қалғандай» сезіледі. Сол кезде ғана дұрыс маман таңдамағанымды түсіндім. Басқа клиникаға барсам, «Уақыт керек, әсері біртіндеп қайтады» деп шығарып салды. Қазір күтіп жүрмін. Шынымды айтсам, сотқа беруге ұялдым. Ешқандай құжат сұрамадым, маманның лицензиясын тексермедім. Тек сеніп бардым. Қазір қатты өкінемін» дейді.

> Сұлулық индустриясы қарқынды дамып жатқанмен, ол толық қауіпсіз деп айтуға болмайды. Косметология тек сыртқы келбет емес, ол – денсаулыққа да тікелей әсер ететін сала. Әлеуметтік желідегі әдемі жарнама әрдайым қауіпсіз емес. Сондықтан ең маңыздысы – әр әйел өз таңдауы үшін өзі жауап беретінін түсінуі керек. Сұлулық құрбандықты емес, саналы таңдауды талап етеді

БАҚЫЛАУ ЖЕТКІЛІКСІЗ

Дамыған елдерде косметология қызметі қатаң реттелетіні белгілі. Мәселен, Германияда мұндай инъекция процедураларын тек лицензиясы бар дәрігерлер ғана жасайды, ал Францияда дәрігердің тікелей бақылауымен медқызметкерлерге рұқсат етіледі. Ұлыбританияда жүргізілген зерттеуге сүйенсек, жалпы косметология инъекцияларының шамамен 70%-ын дәрігер емес, адамдар жасайды екен. Бұл қауіптің жоғары екенін көрсетеді. Еуропа Одағында кез келген косметика өнімі нарыққа шықпас бұрын қауіпсіздік бағалауынан өтеді. Арнайы құжаттама дайындалып, жауапты тұлға бекітіледі. Қатаң реттеу қажеттілігі халықаралық деңгейде мойындалған. Нәтижесінде мұндай жүйе дамыған елдерде асқынуды азайтып, тұтынушы қауіпсіздігін айтарлықтай арттырады.

Ал бізде жағдай біршама өзгеше. Инъекция процедураларын кей жағдайда медицина білімі толық емес мамандар да жасай береді. Лицензиясыз қызмет көрсету фактісі үй жағдайында немесе шағын студияда кездесе береді. Препараттардың бір бөлігі ресми тіркеусіз әкелінуі мүмкін. Бақылау бар болғанмен, тәжірибеде тиімді жұмыс істей бермейді.

Ұзын сөздің қысқасы, сұлулық индустриясы қарқынды дамып жатқанмен, ол толық қауіпсіз деп айтуға болмайды. Косметология тек сыртқы келбет емес, ол – денсаулыққа да тікелей әсер ететін сала. Әлеуметтік желідегі әдемі жарнама әрдайым қауіпсіз емес. Сондықтан ең маңыздысы – әр әйел өз таңдауы үшін өзі жауап беретінін түсінуі керек. Сұлулық құрбандықты емес, саналы таңдауды талап етеді.

АИТВ-ИНФЕКЦИЯСЫ КЕЗІНДЕ ТУБЕРКУЛЕЗДІҢ АЛДЫН АЛУ

> Туберкулез – әлемде кең таралған жұқпалы аурулардың бірі және қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы маңызды мәселелердің қатарына жатады. Аурудың қоздырғышы – туберкулез таяқшасы, яғни микобактерия туберкулезі (Кох таяқшасы).

Аурудың негізгі көзі – туберкулездің жұқпалы (ашық) түрімен ауыратын адам. Сөйлесу, жөтелу немесе түшкіру кезінде ол қоршаған ортаға қақырық тамшыларымен бірге көптеген микробты бөледі. Қақырық кепкеннен кейін де туберкулез микобактериялары ұзақ уақыт өміршеңдігін сақтай алады, әсіресе жарығы аз және желдетуі нашар жерлерде.

Туберкулез көбінесе ауатамшы жолы арқылы жұғады және ең алдымен тыныс алу мүшелерін, әсіресе өкпені зақымдайды. Адам туберкулез таяқшасы бар ауа мен шаңды жұту арқылы жұқтыруы мүмкін. Жұқтыру қаупі желдетілмейтін бөлмелерде, адамдар көп жиналған жерлерде және науқаспен ұзақ әрі тығыз байланыста болған жағдайда артады.

Өте сирек жағдайларда туберкулез ауру жануарлардан алынған өнімдерді, мысалы, шикі сүт немесе сүт өнімдерін тұтыну арқылы жұғуы мүмкін.

Туберкулездің дамуына ықпал ететін факторлар

Туберкулездің дамуына келесі жағдайлар әсер етуі мүмкін:

1. қолайсыз әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар;
2. иммунитетті төмендететін қатар жүретін аурулар (АИТВ-инфекциясы, қант диабеті, нашақорлық, алкоголизм);
3. жиі күйзелістер;
4. жақында өткерілген ауыр аурулар;
5. дұрыс және жеткіліксіз тамақтану.

Туберкулездің негізгі белгілері

Аурудың алғашқы және маңызды белгілері:

1. ұзақ уақытқа созылатын жөтел (2-3 аптадан артық), ауру асқынған жағдайда – қақырықпен қан түкіру;
2. әлсіздік және тез шаршағыштық;
3. тәбеттің төмендеуі және салмақ жоғалту;
4. түнгі уақытта қатты терлеу;
5. кейде кеуде тұсының ауыруы;
6. кешкі уақытта дене қызуының сәл көтерілуі.

Туберкулез және АИТВ-инфекциясы

АИТВ-инфекциясы иммундық жүйені әлсіретеді, сондықтан АИТВ-мен өмір сүретін адамдарда туберкулездің даму қаупі әлдеқайда жоғары. Көп жағдайда туберкулез – АИТВ-инфекциясы бар адамдарда жиі кездесетін асқынулардың бірі. Сондықтан АИТВ-мен өмір сүретін адамдар үшін туберкулезге тұрақты тексеріліп тұру, дәрігердің бақылауында болу, антиретровирустық терапияны (АРТ) уақытында қабылдау өте маңызды. АРТ иммунитетті қалпына келтіруге көмектеседі және туберкулездің даму қаупін айтарлықтай төмендетеді.

Туберкулездің алдын алу

Қазақстан Республикасында туберкулездің арнайы профилактикасы жүргізіледі. Балаларға 3-7 күндік жасында БЦЖ вакцинасы міндетті түрде егіледі. 15 жасқа дейінгі балаларға жыл сайын манту сынамасы немесе АТР сынамасы жасалады. 15 жастан асқан жасөспірімдер мен ересектер жыл сайын флюорографиялық тексеруден өтуі тиіс.

Туберкулез бойынша жоғары қауіп тобы

Туберкулездің жоғары қауіп тобына мыналар жатады:

1. АИТВ-инфекциясымен өмір сүретін ересектер мен балалар;
2. туберкулезбен ауыратын науқаспен байланыста болған адамдар;
3. диализ қабылдайтын науқастар;
4. ағза трансплантациясына дайындалып жүрген адамдар;
5. силикозбен ауыратын науқастар;
6. қант диабетімен ауыратын адамдар;
7. тыныс алу мүшелерінің созылмалы аурулары бар адамдар;
8. тамақтану жеткіліксіздігі бар адамдар;
9. БЦЖ вакцинасының тыртығы қалыптаспаған балалар.

Алдын алу емін жүргізу

Манту немесе АТР сынамалары оң нәтиже көрсеткен жағдайда (яғни ағзада туберкулез инфекциясының бар екенін білдіреді, бірақ бұл міндетті түрде ауру деген сөз емес), ал өкпенің рентгенологиялық тексеруі қалыпты болған жағдайда, туберкулездің дамуын болдырмау үшін емханада тегін профилактикалық ем жүргізіледі.

Туберкулезбен ауыратын науқасты емдеу

Туберкулездің жұқпалы түрімен ауыратын науқастарды толық және үздіксіз емдеу – аурудың таралуын болдырмаудың маңызды шарасы. Науқас дәрігердің барлық нұсқауын орындап, дәрі-дәрмектерді уақытында қабылдауы тиіс.

Туберкулездің жалпы профилактикасы

Туберкулездің жалпы профилактикасы ағзаның қорғаныс қабілетін күшейтуге бағытталған дұрыс және теңгерімді тамақтану, темекі шегуден бас тарту, алкогольді шамадан тыс пайдаланбау, еңбек пен демалыс режимін сақтау, дене белсенділігі, ағзаны шынықтыру, салауатты өмір салтын ұстану.

Қорытынды

Қажетті сақтық шараларын сақтау арқылы туберкулезден қорғануға болады. АИТВ-инфекциясы бар адамдар үшін тұрақты медициналық бақылау, антиретровирустық терапияны қабылдау және туберкулезге уақытылы тексерілу ерекше маңызды. Туберкулезбен күрес арнайы және жалпы профилактика шараларын толық сақтаған жағдайда ғана тиімді болады. Баршаңызға мықты денсаулық тілейміз!

Г.ҚАСЫМОВА,
Астана қаласы әкімдігі АИТВ-инфекциясының алдын алу орталығының дәрігер-фтизиатры

Елімізде интернет-алаяқтық өршіп тұр. Аңқау адамдар алаяқтардың қақпанына түсіп қалатын оқиғалар азаймай отыр. Жуырда Бас прокуратура 121 адамды алдап, миллиондарды қалтасына басқан алаяқты құрықтады. Құзырлы мекеме таратқан мәліметке сүйенсек, Қызылорда қаласының 31 жастағы тұрғыны интернет желісін пайдалану арқылы 121 азаматты алдап, 8,9 млн теңге иемденген. Оған сот үкімімен 3 жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалған.

ИНТЕРНЕТ-АЛАЯҚТЫҚТАН ҚАЛАЙ САҚТАНАМЫЗ?

Төлен ТІЛЕУБАЙ

«С» есімді азамат 2024 жылы алдын ала сөз байласқан адамдар тобы арқылы Instagram әлеуметтік желісінде «Dake_87057380827» деп аталатын жалған парақша ашып, бөтен адамдардың жеке деректерін пайдаланған. Азаматтарды «Салған ақшаларын еселеп қайтарамын» деп алдап, «1XBETKZ» букмекерлік кеңсесі мен «Wooppay Wallet» төлем жүйесі арқылы жәбірленушілердің қаражатын иемденіп отырған» делінген ресми хабарламада. Сот талқылауында сотталған азамат кінәсін толық мойындап, жәбірленушілерге келтірілген мүліктік залалды толығымен қайтарған. Қазір ол тұрғылықты жері бойынша пробациялық бақылауда жазасын өтеп жатыр. Мұндай оқиғалар көп. Мәселен, өткен жылдың қаңтар-маусым айларында Ішкі істер министрлігі интернеттегі алаяқтыққа қатысты 9,4 мыңнан астам оқиғаны тіркеген.



Интернетте қаптап кеткен алаяқтардың құрбаны болмау үшін не істеу керек? Цифрлық кеңістікте үнемі сақтықты қажет ететін гигиена қағидалары бар. Соларды мүлтіксіз орындаған жағдайда ғана киберкеңістігіңізді қорғай аласыз. Егер ондай қағидаларға немқұрайлықпен қарасаңыз, қаржы алаяқтарының тұзағына түсу тәуекеліңіз артады. Осы жерде киберқауіпсіздік сақтауға көмектесетін мамандардың кеңесіне жүгінейік.

Бірінші қағида – жеке деректерді ешкімге айтпаңыз. Ешқашан және ешкімге, әсіресе бейтаныс адамдарға жеке басыңызды куәландыратын құжаттың көшірмесін жібермеңіз. Сондай-ақ картаның толық деректемелерін, әсіресе артқы жағындағы үш таңбалы кодты, SMS-пен келетін кодты және өзге де жеке ақпаратты айтпаңыз. Күмәнді сілтемелер бойынша өтпеңіз, белгісіз дереккөздерден лицензияланбаған қосымшаларды жүктемеңіз. Бұл өте маңызды. Құпия деректерді жоғалту көп жағдайда оларды үшінші тұлғалардың заңсыз пайдалануына жол ашады. Алаяқтар сіздің қаржылық шоттарыңыз туралы мәліметтерді алу үшін алдаудың түрлі тәсілін, соның ішінде фишингтің көмегімен алдау тәсілдерін ойлап табады. Мысалы, әртүрлі байқау, ойындардың, қомақты ақша ұтатын сауалнамалардың көмегімен аңқау адамдарды олар құрығына жиі түсіреді. Фишинг парақшаларда олар өзінің, кейбір жағдайларда төлем картасы туралы деректерді оп-оңай жария етеді. Әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде кейбір пайдаланушылар өз нөмірлерін жариялайды немесе өзінің ЖСН-ін көрсетеді, әлеуметтік желілерге суреттерін қойып қояды, тұрған жерін көрсетеді, гаджеттерден ақпаратты оқитын қарақшылық қосымшаларды жүктеп алады. Содан кейін ойланбастан поштамен өзінің таныстарына электрондық-цифрлық қолтаңбасын (ЭЦҚ) жібереді және тағы да сол сияқты әрекеттер жасайды. Осылайша, адамдар алаяқтардың арбауына түсіп, өзі және өзінің банк шоттары жөнінде нақты ақпаратты бергенін білмей де қалады.

Екінші қағида – антивирус көмектеседі. Есте сақтайтын нәрсенің бірі – цифрлық кеңістігіңізде кезең-кезеңмен «толық тазалау» жүргізіп отыруды әдетке айналдырыңыз. Ол үшін антивирусты пайдаланыңыз. Толассыз ақпарат легінде алаяқтардан келген хатты, сондай-ақ пошта жәшігіңізді немесе әлеуметтік желідегі аккаунтыңызды бұзу туралы хабарды байқамай қалуыңыз да мүмкін. Сол себепті өзіңіздің гаджетіңізді жиі тазалап, ретке келтіріп отырғаныңыз абзал. Атап айтқанда, поштаны қарап, спам және күмәнді хаттарды жою, оларды жіберушілерді бұғаттай отырып, әлеуметтік желілердегі керек емес пошта жіберілімдері мен қызықты жазылымдардан шығу қажет, уақыт өткен сайын қажетсіз деректерді жоюға арналған кэшті тазалап отыру қажет. Егер сіз кейбір пошта жәшіктері мен интернет-сервистерді ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, оларды жойған дұрыс. Біріншіден, ол жерде сіздің жеке деректеріңіз, банк карталарының нөмірлері болуы мүмкін. Олар бұзылған жағдайда, қаскүнемдер сіздің шоттарыңызға қол жеткізе алады. Екіншіден, егер сіз барлық сервиске бірдей құпия сөзді қолданған болсаңыз, онда кибералаяқтар қолданыстағы есептік аккаунттарға кіре алады. Сіздің гаджетіңізге алаяқтық шабуылдар жасалған жағдайда, оларды сенімді бұғаттайтын антивирус бағдарламасын жаңартуды ұмытпаңыз. Сондай-ақ банк шоттарына кіру үшін жалпыға ортақ Wi-Fi кіру нүктелерін пайдалану қауіпті. Кіру үшін онда қауіпсіздік сертификаттары пайдаланылуы мүмкін, оларды байқамай, қаскүнемдердің мобильді банкингке және басқа да маңызды сервистерге қол жеткізуіне мүмкіндік бересіз.

Үшінші қағида – күрделі және әртүрлі парольді қолданыңыз. Цифрлық гигиена сіздің аккаунттарыңызға және әлеуметтік желілердегі жеке кабинеттеріңізге, поштадағы және әртүрлі, соның ішінде қаржы қосымшаларындағы қолданыстағы парольдердің қауіпсіздігіне әкеледі. Парольдің күрделілігі – оны табуға немесе қандай да бір әдіспен, мысалы, барлық болжамды нұсқаларын қойып шығу арқылы біліп алуға жұмсалатын уақытты бағалау өлшемі. Егер сіздің пароліңіз атыңыздан, тегіңізден, туған күніңіз немесе басқа күндерден тұрса, мысалы, November2021, онда оның сенімділігі өте төмен. Осал парольдерде, әдетте, мағыналы комбинациялар қолданылады, оларда да белгілі бір заңдылық байқалады. Мұндай парольдердің мысалдары: QweAsd123, Qaz1Wsx2@ немесе Qwerty12345 (пернетақтада бұл әріптер қатар орналасқан). Бұзуға төтеп бере алатын пароль – әдетте, тікелей мағыналық жүктемесі жоқ, әртүрлі регистрлерден, сандардан және арнайы таңбалардан тұратын 10 немесе одан да көп таңбалардың комбинациясы, мысалы-Rgylj@U64i. Сондай-ақ сіз пайдаланатын қызмет үшін күрделі кіру кодын жасай алатын арнайы бағдарламалар бар. Бірақ мұндай құпия сөздерді есте сақтау қиын. Парольді құрастыру кезінде сізде қандай да бір ассоциация тудыратын көріністерді, мысалы, сүйікті өлеңіңіздің бір жолын алып, олардың орналасу ретін өзгертіп, оның алғашқы әріптерін қолдануға болады. Парольді сіз үшін маңызды цифрлармен және символдармен күшейтіңіз. Ең бастысы, парольді қағазға жазбаңыз. Жаңа комбинациялар жасай отырып, порольді жиі ауыстырып отырыңыз. Оларды ешқашан ешкімге бермеңіз!

Төртінші қағида – құпиялық талаптары бәрінен маңызды. Авторизациялаудан өтпеген дүкендердің қосымшаларын телефоныңызға жүктемеңіз және құпиялылық талаптарын мұқият бақылап отырыңыз. Өз гаджеттеріңізге тек қана ресми дүкендердің қосымшаларын жүктеңіз, қарақшылық софтты жүктемеңіз. Қосымшаларды жүктемес бұрын пайдаланушылардың пікірлерімен мұқият танысып шығыңыз және қосымшаны әзірлеушілер оны жүйелі түрде жаңартып отыратынына көз жеткізіңіз (ресми дүкендерде соңғы жаңартылымдардың күні міндетті түрде көрсетілуі тиіс). Уақыт аралығында орнатылған қосымшалардың тізімін тексеріп тұрыңыз, ұзақ уақыт бойы жаңартылмаған ескі қосымшаларды жойып тастаңыз. Егер картаңызды ақылы қосымшаларға бекіткіңіз келсе, бұл үшін виртуалды картаны пайдаланыңыз. Қосымшаларды жүктеген жағдайда, бағдарламаға сіздің деректеріңізді, жүріп-тұрған жеріңізді аңдып, байланыс нөмірлерінің тізімі мен камераңызға кіруге рұқсат беру қажет пе, жоқ па – сол туралы ойланыңыз. Мұны тек қажет жағдайда ғана, мысалы, такси қызметіне сіздің нақты орналасқан жеріңізді анықтау қажет болған жағдайда жасауға болады. Цифрлық қауіпсіздік жөніндегі кейбір сарапшылар пайдаланушылардың дербестігін арттыру мақсатында ноутбуктердің камераларын желімдеп тастауды ұсынады. Егер сіз қосымшаның талаптарынан күмәнданасаңыз, одан бас тартып, басқа әлдеқайда сенімді қосымшаны таңдауға құқылысыз.

Бесінші қағида – файлдардың сақтық көшірмесін жасап отырыңыз. Сыртқы USB-тасымалдағышқа маңызды файлдардың сақтық көшірмесін үнемі жасап отырыңыз. Мұндай функция жоғалған құрылғыдан деректерді қалпына келтіруге және гаджет жоғалған немесе бұзылған жағдайда оны жаңасына көшіруге көмектеседі. Егер сіз нөмірі банктік картаңызға тікелей байланған телефонды жоғалтқан болсаңыз немесе одан да жаманы – ол ұрланған болса, дереу қызмет көрсететін банкке хабарласыңыз. Картаңызды бұғаттауды сұраңыз, кейін оны қайта шығаруға тура келеді. Сіздің шотыңыз бойынша операциялар соңғы рет қашан жасалғанын банктен нақтылаңыз. Егер алаяқтар картадан қаражат алып үлгерсе немесе сіздің атыңызға «бөтен» біреу кредит ресімдеген болса, онда банкке өтініш жазып, ішкі тергеу жүргізуді сұраңыз. Сіз өз тарапыңыздан барлық сақтық шараларын сақтағаныңызды қайталап айтыңыз. Осы өтінішке құқық қорғау органдарына телефонның ұрланғаны жөніндегі өтініштің көшірмесін қоса беріңіз.

(мақалада fingramota.kz сайтының материалдары және инфографикасы пайдаланылды)

Ербол ЖОЛДАНҒАР,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы:

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басымдығы – Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі қағидаттарының бірі. Қазіргі кезеңде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жүйелі түрде жетілдіріліп, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз етуге бағытталған тетіктер кезең-кезеңімен енгізілуде.



Осы бағыттағы жұмыстар аясында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментіне сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды азайту, сондай-ақ қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша бірқатар функция жүктелген. Аталған мәселелердің жүзеге асырылу барысы туралы **Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Ербол ҚАБДЫҒАЛИҰЛЫМЕН** жүргізілген сұхбатта кеңінен сөз қозғалды.

– 2025 жылғы 30 маусымда департаментке сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы қосымша функциялар берілгені белгілі. Бұл өзгерістердің мазмұны қандай?

– Аталған өзгерістер кешенді сипатқа ие. Олардың негізгі мақсаты – қоғам мен мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдірумен қатар, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен есептілігін арттыруға бағытталған шаралар жүйелі түрде іске асырылуда. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мәдениетті қалыптастыру мақсатында ақпараттық-түсіндіру іс-шаралары, семинарлар, дөңгелек үстелдер және қоғам өкілдерімен кездесулер тұрақты негізде ұйымдастырылады. Мәселен, 2025 жылдың төртінші тоқсанының қорытындысы бойынша департамент 3000-нан астам адамды қамтыған 20-дан астам іс-шара өткізді. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендетудің маңызды құралдарының бірі ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг пен тәуекелдерді талдау тұрақты түрде жүргізілуде.

– Мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағартушылық жұмыстар қалай жүзеге асырылады?

– Мемлекеттік қызметшілер арасында ағартушылық жұмыстар жүйелі түрде жүргізіледі. Астана қаласы бойынша мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары, Әдеп кодексінің нормалары, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілерге қойылатын шектеулер мен тыйымдар жөнінде түсіндіру жұмыстары жылына кемінде екі рет ұйымдастырылады. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілердің құқықтық сауаттылығын арттыру, олардың жеке жауапкершілігін күшейту және адалдық қағидаттарын нығайту мақсатында этикалық нормаларды сақтау мәселелері тұрақты түрде күн тәртібінде қарастырылады. Осы арқылы мемлекеттік аппаратта ашықтық, адалдық және қоғам сенімін арттыруға бағытталған институционалдық мәдениет қалыптастыру көзделеді.

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг пен тәуекелдерді талдаудың негізгі мақсаты қандай?

– Департамент құқық қолдану практикасының жай-күйін бағалау мақсатында түрлі салада сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенді мониторингті тұрақты негізде жүзеге асырады. Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында білім беру сапасын бақылау саласында тақырыптық мониторинг жүргізілуде. Сонымен қатар сот-медицина сараптамасы саласында және елорда әкімдігінің коммуналдық ұйымдарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу көзделген. Аталған жұмыстардың негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы шеңберінде ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметте және нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау және талдау. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау – құқық бұзушылықтардың туындауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды айқындауға бағытталған кешенді процесс. Ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – құқық қолдану практикасының тиімділігін бағалау құралы. Оның негізгі дереккөздеріне құқықтық статистика мәліметтері, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың деректері, әлеуметтік сауалнамалар нәтижелері, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, сондай-ақ заңнамада тыйым салынбаған өзге де ақпарат көздері жатады.

– Азаматтар сыбайлас жемқорлық фактілеріне тап болған жағдайда қандай шаралар қабылдай алады?

– Азаматтар сыбайлас жемқорлық фактілері туралы 1424 call-орталығына хабарласа алады. Сонымен қатар eOtinish сервисі немесе «Smart Astana» мобильді қосымшасы арқылы тиісті ақпаратты жолдауға мүмкіндік бар. Департамент сыбайлас жемқорлықтың алдын алу сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестегі негізгі факторлардың бірі екенін атап өтіп, бұл бағытта қоғам тарапынан белсенді қолдау қажет екенін айқындайды.


№37 (4935) 31/03/2026 Сейсенбі

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН – 160 ЖЫЛ



ТЕК ПЕН ТОПЫРАҚТАН ТАМЫР АЛҒАН...

Биыл Алаштың ардақты ұлы, ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның туғанына 160 жыл толды. «Әлихан – халқымыздың біртуар перзенті, Алаш қозғалысының негізін қалаушы. XX ғасыр басында Әлихан бастаған қазақ зиялылары ұлттық мүдде жолында аянбай еңбек етіп, мемлекетшілдіктің озық үлгісін көрсетті» деп Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, ұлтымыз үшін ұшан-теңіз еңбек еткен айтулы тұлғаның мерейтойына орай Арқаның шежіреші ақсақалы, белгілі өлкетанушы, Ақтоғай ауданының құрметті азаматы, мәдениет саласының үздігі, «Алаштың Әлиханы», «Үш арыстың ауылынанбыз» кітаптарының авторы Тұңғышбай МҰҚАН ақсақал бізге сұхбат беріп, осы тақырып бойынша ізденістерімен бөлісті.



ӘЛИХАННЫҢ АУЫЛДАҒЫ ӨМІРІ

– Сіз «Алаштың Әлиханы» деген кітап жаздыңыз. Сізді Әлихан өміріне үңілуге итермелеген не күш?

– 1992 жылдың ақпанында Ақтоғай ауданына – Әлиханның туған жеріне әкім болып осы жердің тумасы Сағадат Жапабайұлы Дүйсебеков келді. Ол кісі мені орынбасарлығына жұмысқа шақырып, маған мынадай тапсырма берді: «Ақтоғай ауданы – Алаштың үш арысы: Әлихан Бөкейханның, Жақып Ақбаевтың, Әлімхан Ермековтің туған жері. Ұзақ жылдар бойы «халық жауы» деген жалған жаламен жазықсыз айыпталып келген арыстарымызды ақтаудың алғашқы қадамын біз бастауымыз керек» деді. Сөйтіп, 1992 жылдың 21 тамызында – тәуелсіздікті алғанымызға небәрі 9 ай өткенде – Ақтоғай ауданында «Ақтоғай – Алаштың үш арысының атамекені» деген тақырыпта ғылыми конференция өткізіп, үш арысқа ас бердік. 3 мыңнан артық адам жиналған алқалы жиынға Мәскеуде тұратын Әлиханның немересі Евгений мен шөбересі Петр арнайы шақырылды. Міржақыптың қызы Гүлнәр, Жүсіпбектің қызы Муза, Әлімхан Ермековтің баласы – Қарағанды политехника институтының профессоры Мағауия Ермеков қатысты. Жақыптың қызы Аргунья денсаулығына байланысты келе алмай, сәлем жолдады. Әлиханның туыстары жиналып, Талдыбейітте құран бағыштады. Азаматтар Евгений мен Петрді Жошы хан кесенесіне дейін апарып қайтты.

«Менің әкем Сергей (Өкітай), сіздерге шынымды айтар болсам, жартылай қазақ, жартылай орыс еді. Бұған ол кінәлі емес. Заман солай, тағдырдың жазуы солай болды. Жан сақтау үшін сырттан пана іздеуге мәжбүр болған. Әкем атам туралы там-тұмдап болса да айтатын. Ал атамның туған жері Қазақстан екенін білсек те, дәл осы Ақтоғай екенін, бұл жерде көп ағайын-туыс бар екенінен хабарымыз болған жоқ. Арғы аталарымыздың бейітіне барып, тағзым етіп қайттық. Қасиетті жердің бір уыс топырағын алдым. Оны бүкіл қазақтың ұлы болған Әлихан атамның көзіндей көріп, тұмардай сақтаймыз» деді Әлихан Бөкейханның туған немересі Евгений Өкітайұлы.

Аудан сыртындағы Жосалы тауының етегіне сексенге тарта үй тігілді, ас берілді. Әлиханның жаназасы шығарылмаған ғой. Осы астың үстінде оған арнайы құран бағышталды. Екі күнге созылған алқалы басқосу республикадағы кейінгі конференциялардың алғашқы бастамасы болды. Қазақша айтқанда, Әлиханға қатысты жұмыстардың жолын ашып берді. Осы басқосудан бастап деректерді жинақтап, «Алаштың Әлиханы» деген кітап шығаруға кірістім. Көп деректі Қасенхан Алтынбеков ақсақалдың қолжазбаларынан алдым. Ол кісі жоғарыда айтылған жиналысқа екі жеті қалғанда қайтыс болды. 1992-1993 жылдардан бастап шыққан алғашқы шағын кітап кейін кеңейіп, «Үш арыстың ауылынанбыз» деген 500 беттік үлкен жинаққа айналды.

– Әлихан ерекше бала болып туған деген сөз рас па?

– 1748 жылы Бөкейді (Көкжал Барақтың баласы) бір деректерде Самарқаннан, енді бірінде Түркістаннан Қазыбек би мен Нұралы би арнайы алып келген дейді. 14 жасында Арқаға әкелініп, Қарқаралының арғы жағындағы Егіндібұлақ маңынан, Балқантаудың баурайынан орын берілген. Құдың қызыл шілігі деген жерге қоныстанған. Сол жерде Бөкейден 9 ұл туған. Сымахан төренің күнделіктерінде Әлихан кіндігі кесіліп, сүндетті болып туғаны, 6 жасқа дейін тілі шықпағаны жазылған. Ақсақалдар оны «санасында үлкен ой, идеялар қалыптасқандықтан кеш сөйлеген» деп түсіндірген. Бала күнінде Әлихан үй тігіп ойнайды екен, бұл болашақта мемлекет құру идеясының нышаны дейді. Асық атудың шебері болған. Барлық асықты ұтып алып, қайта таратып береді екен. Өте әділ болған. Балалар төбелессе, татуластырған. Төрт түлікке, әсіресе қозы бағуға құмар болыпты. Кейін қой шаруашылығын терең зерттеп, 1904 жылы «Далалық өлкедегі қой шаруашылығы» туралы алғашқы ғылыми еңбегін жазған. Әлихан жас кезінде үлкен атасы Рүстем төренің тәрбиесінде болған. Рүстем төре Тоқырауын өзенінен Ақтұмсық тұсынан тоған қазып, суармалы егіншілікті дамытқан. Ақтоғайдың атақты ақ бидайын өсірген. «Төре тоғаны», «Рүстемнің кәрі тоғаны» деген тоғандар әлі бар. 1889 жылы Омбыда оқып жүрген студент Әлихан «Дала уәлаяты» газетіне Қарқаралы уезіндегі егіншілік туралы алғашқы мақаласын жариялаған. Бұл – жазғы демалыста атасынан үйренген егіншілік тәжірибесінің жемісі.

ҚАЙҒЫСЫ ҚАЛЫҢ ЖАН ЕДІ...

– Әлихан неге кеш үйленді? Сол кезде қазақтың мықтыларына өзге ұлттан қыз алу үлкен ағым болған жоқ па?

– Әлихан Бөкейхан Омбыны бітіргеннен кейін, Санкт-Петербургтегі Императорлық орман институтында оқыған ғой. Одан кейінгі қызмет жолының басым бөлігі Омбыда өтті. Университетті 28 жасында бітірген екен, яғни біраз кешірек тәмамдаған. Омбыда қызмет істеп жүрген кезінде жер аударылып келген журналист Яков Свячесов деген азаматпен тығыз араласқан дейді. Оның қызының тәрбиесі мен парасатына қарап, болашақта өзіне адал жар боларына сенім артқан сияқты. Ең бастысы, сол кезеңдегі біздің зиялы азаматтар өз тағдырын халқының тағдырымен байланыстырды, болашағын кеңінен ойлады. Сіз айтқандай, Жақып Ақбаев атақты Бекметовтің қызы Гүлбаһрамға үйленген, Әлімхан Ермековтің жары Раиса атты татар қызы болған. Сол сияқты Әлекеңнің орыс қызына үйленуін де сол заманның саяси-әлеуметтік жағдайымен байланысты қарау керек. 1901 жылы Әлекең Омбыда қызмет істеп жүрген кезінде ауылға келіп, анасына орыс қызына үйленетінін айтқан екен. Сонда анасы Бегім ханым: «Қарағым, мойнына крест таққан келіннің маңдайынан қалай сүйемін? Маған көрсетпей-ақ қойшы» депті. Әлекең анасының сөзін құрметтеп, Эленаны ауылға әкелмеген екен. Көбінесе Семей жақта, Қарауыл өңірінде нағашыларының жұртында қалдырып отырған дейді. Әкесі Нұрмұхаммед сәуір айының бірінші күні қайтыс болған. Сол жылы жазда Әлихан әкесіне арнап Талдыбейітте зәулім кесене салдырған. Бір ерекшелігі, қазақ даласындағы беделді тұлғалардың зираты көбіне күмбезді болып келсе, Әлихан әкесінің бейітін сегіз қабырғалы етіп салдырған. Мұны қазақтың сегіз қанат киіз үйіне ұқсатты ма, әлде Тоқырауын бойындағы төрелерге топырақ бір жерден бұйырсын деген ишарасы ма – ол жағы белгісіз. Сол қорғанды тұрғызып жатқанда Әлекең «Әттең, осы қорғанның ішінен маған да жарты кез жер бұйырар ма екен деші» деген екен. Бірақ Әлекеңнің ол арманы орындалмады. Сымахан төре Ә.Бөкейханның киген құлақшынын Талдыбейіттегі ата қорымындағы зиратқа лақаттап көміп, 1960 жылдардың басында Талдыбейіттегі Бөкейхандар әулеті қорымында Әлиханға ескерткіш белгі орнатады.

– Өмірі тауқыметке толы болса да, ұлт үшін күресті тоқтатпағанының өзі оның ішкі қуатының мықтылығын көрсетсе керек.

– Дұрыс айтасыз. Әлихан Бөкейхан өміріндегі ең ауыр кезеңнің бірі – 1920 жылдың 5 наурызында, дәл өзінің туған күнінде, Кирревкомның (Қырғыз революция комитетінің) қаулысымен Алашорда үкіметі ресми түрде таратылды. Бұл Алаш идеясы үшін күрескен азаматқа үлкен саяси соққы еді. Ал 1921 жылдың жазында Семейде жары Элена ұзаққа созылған науқастан қайтыс болады. Бұл – оның жеке өміріндегі ең ауыр қайғы. Сол жылдың жазында Әлекең Семейден өзінің атқосшысы Бажай деген азаматпен тарантас арбаға мініп, туған жері Желтауға келеді. Бұл сапар әрі аза, әрі тағдыр таразысына түскен шақ еді. Қасенхан ақсақалдың айтуынша, Әлихан ауылға келер алдында Жіңішке өзенінің бойындағы көгал жазыққа жеті үй тігіледі. Ортадағы ақ үй Әлиханның ел-жұртты қабылдайтын ордасы болады. Әлихан ауылға келгенде, Жіңішке бойындағы ел Қоянды жәрмеңкесіндей жанданып кетеді екен. Таң атқаннан кешке дейін ағылып келіп сәлем беретін, ақыл сұрайтын адамдар толассыз келіп жатады. Әлекең солардың бәрін қабылдап, елдің жағдайын сұрап, өз ойларын, жаңалықтарын айтып, елмен етене араласқан. Ол кісі өте шешен адам болған. Ауылда ол үш Ахметжанмен араласқан екен. Соның бірі – ел ішінде беделді Сарманбайдың Ахметжаны. Ол 1930 жылдары «халық жауы» атанып, «58-статья» деген күй жазып, 58-баппен атылып кеткен. Екіншісі – Бекпенбеттің Ахметжаны. Ол да ел ішіндегі ықпалды, беделді адам болған, 10 жылға сотталған. Талпақтың Ахметжаны 28 адаммен бірге Шет ауданындағы Қандықара түбегінде атылған. Әлиханның атқосшысы болған Сәдуақас Әбілдин да 10 жылға сотталған. 1905 жылы Әлекеңнің болашағынан үміт күткен дарынды інісі Тәттіхан 25 жасында қайтыс болады. Бұл да Әлихан үшін ауыр соққы еді. Тәттіхан қайтыс болғанда, Әлиханның елге келуі жайында да ерекше дерек бар. Сол кезде ол Бразилияда өсетін қарағаштың үш тұқымын ала келіп, қабірдің басына отырғызған дейді. Қазір соның біреуі әлі өсіп тұр. Сол сапарда Бекпенбеттің Ахметжаны Әлиханға күмістелген ер-тұрман сыйлаған екен. Бұл – қазақтың қолөнер шеберлігін танытатын ғажайып бұйым. Әлихан оны «елдің өнерін бүкіл жұрт көрсін» деп Петербургтегі музейге тапсырған деседі. Деректерде ол ер-тоқым 1934 жылға дейін Эрмитажда тұрғаны айтылады. Кейінгі тағдыры беймәлім.

– Әлихан ең алғаш рет туған жерінде тұтқындалды емес пе?

– 1921 жылдың шілдесінде Әлихан Желтауға келеді. Қасенхан ақсақалдың жазбасында ол 1922 жылдың күзіне дейін ауылда болғаны айтылады. 1922 жылдың 10 қазанында Қарқаралы уездік НКВД бастығы Бектасов екі милиционермен келіп, «үкімет шақырады» деп хабарлайды. Әлихан үш күн мұрсат сұрайды. Бірінші күні елдің игі жақсыларын жинап, алда ауыр заман келе жатқанын ескертеді: «Артық малдарыңызды малы жоқтарға таратыңыздар. Байлық өздеріңізді шаян болып шағады. Егіншілікке көшіңіздер, отырықшылыққа бейімделіңіздер» дейді. Бұл – 1928 жылғы тәркілеуді 6 жыл бұрын болжаған көрегендік. Екінші күні туған-туыстарын жинап, нақты тапсырмалар береді: Қасымға – кооператив ашуды, сауда ұйымдастыруды; Әзізханға – үйінің екі бөлмесінен мектеп ашуды; Смаханға – май зауытын құруды; Базылханға тері өңдеу цехын ашуды тапсырады. 1922-1923 жылдары ашылған мектеп 1939 жылға дейін жұмыс істеген. Смахан ашқан май зауыты 1925-1930 жылдары жұмыс істеп, өнімін Қарқаралы мен Семейге дейін апарған. Оның орны бүгінге дейін сақталған. Базылхан ашқан тері өңдеу цехы кейін былғары өндірісіне бет бұрады. Бұл істе Әлихан Бижанның Қасені мен Ақайдың Қасені сияқты өңірдегі кәсіпкерлермен байланыс орнатуды тапсырған. Үшінші күні Базылханның Кертөбел атына мініп, Қарқаралыға аттанған. Сол жерде тұтқындалып, түрмеге жабылады. Кейін Семейге, одан Мәскеуге жіберіледі.

ДЕРЕККЕ ДЕ ДӘЛДІК КЕРЕК

– Сонда Әлихан 1922 жылы ұсталса, кейін бостандыққа қалай шықты? Әлихан ұсталар сәтте анасы Бегімнің алдына келіп: «Ана, алыс жолға кетіп барамын. Енді келіп топырақ сала алмайтын шығармын. Аналық ақ сүтіңді кеш, ақ сүтіңді кеш» деп тас боп қалған емшегін иіскегенде, 90 жастан асқан анасының емшек сүті бұлақтай аққанын көрген елдің жыламағаны қалмады деген дерек қаншалықты рас?

– Әлекең Мәскеуге барғаннан кейін Сталинге сөзі өтетін атақты ғалымдары араласып, Әлиханды үй қамаққа шығарған. Аты үй қамақ дегені болмаса, еркіндігі болды. Мәскеудегі орталық кітапханаға аудармашы болып жұмысқа тұрды. 1926 жылы адай еліне барғанда «ханымыз келді» деп қарсы алғаны жайлы тарихи деректер бар. Ал анасының омырауына иіскеп қоштасуы туралы деректе уақыт жағынан сәйкессіздік бар. Өйткені Әлихан Бөкейхан соңғы рет Ақтоғайға 1922 жылы келген. Ал анасы Бегім ханым 1918 жылдың 27 қыркүйегінде дүниеден өткен. Сондықтан бұл оқиға сол соңғы сапарға қатысты болуы мүмкін емес. Бұл мәселені Сымахан төренің баласы Балабаршыннан да сұраған екен. Ол кісі 86 жасында Алматыда қайтыс болды. Жоғары білімді, құрылысшы маман болған азамат. Ол да бұл дерекке күмәнмен қараған екен.

– Әлиханның сүйегі қайда?

– Әлихан Бөкейханның сүйегі ұзақ жылдар бойы ізделді. Ақырында 2010 жылдары қарағандылық ғалым, қазіргі Қарағанды университетінің ректоры – басқарма төрағасы Нұрлан Дулатбеков Мәскеуге арнайы барып, Дон зиратының (Донское кладбище) мұрағат құжаттарын зерттейді. Сақталған тіркеу кітаптарынан Әлихан Бөкейхан мен Нығмет Нұрмақов 1938 жылдың 27 қыркүйегінде бірге атылғанын, денелері өртеліп, күлі Дон зиратының №1 ортақ шұңқырына төгілгенін анықтайды. Осы дерек негізінде Дон зиратына Әлихан Бөкейхан мен Нығмет Нұрмақовқа арналған ескерткіш-тақта қойылды. Онда Қасымның: «Ей, қазақтың баласы, маған да бір қарашы...» деп басталатын сөзі жазылған.

– Әлиханның Лениннің алдына Әлімхан Ермековке баяндама жасатуының себебі неде деп ойлайсыз?

– Шынында, бұл – күрделі сұрақ. Әлімхан Ермеков аса талантты, шешен, жан-жақты білімді тұлға болған. Ол Семей гимназиясын алтын медальмен бітірген. Сол кездегі ереже бойынша алтын медаль иегерлері Санкт-Петербургтегі кез келген жоғары оқу орнына конкурссыз, тегін түсуге құқылы еді. Алайда 1911 жылы әкесі қайтыс болып, отбасындағы қаржы жағдайына байланысты Петербургке бара алмай, Томск университетіне түседі. 1917 жылы университеттің төртінші курсында оқып жүрген кезінде Әлихан Бөкейхан оны Семейге арнайы шақыртып алады. Әлімхан оқуын тастап, Алашорда құрамына кіреді. 1917 жылғы 12 желтоқсанда Алашорда үкіметі жарияланғанда айтқан «Алаштың басына ақ орда тігілді, аты Алашорда болды» деген тарихи тұжырымы бар. 1917-1919 жылдары Әлихан мен Әлімхан үш жыл бойы қоян-қолтық бірге жұмыс істейді. 1917 жылдың сәуірінде Әлихан Сталинмен тікелей байланысқа шыққанда, қасында Әлімхан тұрғаны туралы деректі Мұхтар Құл-Мұхаммед жазады. Әлихан Әлімханды әдейі дайындаған. Оны Қазақ өлкелік комитетінің мүшелігіне енгізіп, арнайы мандат беріп, Мәскеуге жіберген. Әлімхан – тек шешен емес, терең білімді, бес тілге дейін еркін сөйлеген тұлға. Бір кездесуде Әлімхан сөйлеп болған соң, Әлихан: «Сен сөйлеп тұрған кезде, мен бір көтеріліп, бір түсіп, атылғалы тұрған жанартаудың үстінде тұрғандай болдым» деп баға берген екен. Әлімхан 1955 жылы ақталғаннан кейін елге келгенде, Қалкен Бәкенбаев ақсақалмен араласқан. Сонда одан: «Әлиханның білімі қандай еді?» деп сұрағанда: «Әлиханның білімі – дария. Біз сол дарияға тамған тамшы сияқтымыз. Ол тоғыз тілде еркін сөйлеп, жаза алатын» деп баға берген.

Әлихан Бөкейхан 1866 жылы 5 наурызда дүниеге келген. 1920 жылы дәл 5 наурыз күні Алашорда үкіметі Кирревком қаулысымен таратылды. Яғни туған күні өзі құрған ұлттық үкіметтің ресми түрде жабылған күніне сәйкес келіп тұр. Тағы бір сәйкестік: 1953 жылы 5 наурызда Сталин өлді. Бұл да Әлиханның туған күнімен тұспа-тұс келген күн. Ал 1918 жылдың 27 қыркүйегінде Әлиханның анасы Бегім ханым дүниеден өткен. 1937 жылдың 27 қыркүйегінде Әлихан Бөкейхан ату жазасына кесілді.

Сұхбаттасқан
Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Толық нұсқасын
astana-akshamy.kz
сайтынан оқи аласыздар

ТЕАТРДАҒЫ «ҚАЖЫМҰҚАН» ҚАЛАЙ ШЫҚҚАН?





Қазақ сахарасынан шығып, әлемдік аренаны мойындатқан аңыз тұлға – Қажымұқан Мұңайтпасұлының бейнесі Әзірбайжан Мәмбетов атындағы мемлекеттік драма және комедия театрында сахналанды. Бұл жаңа туынды – палуанның 155 жылдық мерейтойына орай ұсынылған мүлдем бөлек концепциядағы еңбек. Драматургтер Наурызбай Асылбек пен Қазыбек Аманжолдың пьесасы негізінде сахналанған бұл қойылымда режиссер Ақниет Жақсығали дәстүрлі өмірбаяндық драманың шеңберінен шығып, синтетикалық театр эстетикасына жүгінген.

Бұл қойылым – жай ғана тарихи шежіре емес, заманауи сценографиялық шешімдер мен иммерсивті тәсілдер арқылы көрерменмен тікелей байланыс орнатқан интерактивті сахналық шоу. Біздің пайымдауымызша, режиссердің басты мақсаты – Қажымұқанды тек «алып күш иесі» ретінде ғана емес, оның ішкі трагедиясын, намысын және адамдық болмысын цирк аренасы мен драма сахнасының трансформациясы арқылы ашу болған. Қойылымның алғашқы минуттарынан бастап-ақ атмосфераның серпінділігі мен актерлердің физикалық дайындығы театртанушы мамандар үшін де, қатардағы көрермен үшін де жаңа эстетикалық әсер сыйлады.

Режиссер Ақниет Жақсығалидың кастингтік шешімі – қойылымның ең ұтымды тұсы. Қажымұқан тұлғасын үш түрлі жас кезеңіне бөлу арқылы авторлар кейіпкердің ішкі метаморфозасын тереңірек аша алды. Бұл жерде тек сыртқы ұқсастық емес, кейіпкердің генетикалық кодының сақталуы басты назарда болған деп ойлаймыз.

Ернар Сылқымбек (бала Мұқан) сахналық алғашқы қадамынан-ақ көрерменді өзінің табиғи органикасымен баурап алды. Оның тұнық дауыс бояуы мен болашақ алыптың алғашқы «бұлқынысын» көрсететін батыл қимылдары Қажымұқанның балалық шағындағы пәктігі мен қайнаған күшін дәл бейнеледі. Оның сырт келбеті мен палуандық стандарттарға сай келуі – кастингтің кәсіби деңгейде өткенінің айқын дәлелі.

Бейбарыс Асқарбеков (бозбала Мұқан) кейіпкердің есею, қалыптасу және алғашқы әлеуметтік соқтығыстар кезеңін (жер мәселесі, Янушкинмен қақтығыс) пластикалық тұрғыдан өте ширақ жеткізді. Актер ойынындағы серпін мен физикалық дайындық оның тек драмалық актер емес, күрделі техникалық тапсырмаларды орындай алатын орындаушы екенін көрсетті.

Бағлан Иманғазинов (Қажымұқан) – спектакльдің драмалық кульминациясын көтерген тұлға. Актер сомдаған Қажымұқан – тек физикалық күштің иесі емес, жинақталған даналық пен ішкі трагедияның (әке қазасы, елден жырақта жүру) монументалды көрінісі. Актердің сахнадағы сабырлылығы мен «үнсіздік» монологтары көрерменнің эмоциялық тебіренісін тудырды.

Спектакльдің композициялық құрылымындағы ерекше назар аударатын тұс – кейіпкердің жас ерекшеліктеріне қарай ауысу сәттері. Сахнадағы үш Мұқанның бір-бірін алмастыруы соншалықты табиғи әрі органикалық сабақтастықпен орындалған. Әсіресе, әкесінің бала Мұқанға (Ернар Сылқымбек) «бес рет айналып жүгір» деп тапсырма берген сәтінде, жүгіріс үстінде бозбала Мұқанның (Бейбарыс Асқарбеков) сахнаға шығуы уақыт пен кеңістіктің пластикалық трансформациясын көрсетеді. Көрермен үшін бұл ауысулар техникалық үзіліс емес, кейіпкер тағдырының біртұтас эволюциясы ретінде қабылданды.

Режиссер Ақниет Жақсығали сахналық кеңістікті тек актерлердің ойын алаңы емес, көрерменмен тікелей диалог орнататын ортаға айналдырған. Әсіресе, спектакльдің цирк аренасына трансформациялану сәтіндегі актриса Сая Саяттың әуе акробатикасы арқылы көрермен залының үстінен ұшып өтуі қойылымның эстетикалық шарықтау шегі болды. Сахнадан себілген сәулелі шашырандылар (жылтырақтар) мен әуедегі қалықтау сәті көрерменді сиқырлы атмосфераға бөлеп, керемет сезім сыйлады. Спектакльдің темпоритмін сақтауда Серік Мақсотов, Дарын Прекеш және Наурызбай Ерболатов сомдаған «үш сайқымазақ» бейнесі маңызды рөл атқарды. Олардың орындауындағы классикалық буффонада элементтері мен эксцентрикалық қимылдар қойылымның ауыр драмалық жүгін бір теңгерімге келтіріп, оқиғаның серпінді дамуына септігін тигізді.

Қойылымның көркемдік құатын арттыруда жарық концепциясы шешуші рөл атқарды. Жарық суретшісі Әли Бидахмет пен жарық қоюшы мамандар Ибрагим Оспанов пен Елнұр Рахманбергеннің жұмысы спектакльдің эстетикалық деңгейін арттырды. Сахнадағы әрбір атмосфера – мейлі ол қазақ даласының кеңдігі, Петербор циркінің жарқыраған шоуы немесе Мұқанның ішкі толғанысы болсын жарық арқылы өте дәл әрі әсерлі берілген. Әсіресе, кейіпкерлердің жас ерекшеліктеріне қарай ауысу сәттеріндегі жарық ойындары мен Меккеге сапар кезіндегі интерактивті сәулелік шешімдер көрерменнің назарын бір арнаға тоғыстырып отырды.

Қойылымның шоулық деңгейі мен динамикалық екпіні жоғары болғанымен, драматургиялық желідегі кей тұстарды атап өткен жөн. Қажымұқанның тағдыры мен тұлғалық қалыптасуында маңызды рөл атқаруы тиіс әйел бейнелер анасы Қабира (Гүлмира Жакилина) мен әжесі Айсарының (Айжан Назарханқызы) кейіпкерлері сахналық кеңістікте өз деңгейінде ашылмады. Олардың бейнесі тек сұлбалық деңгейде қалып қойғандай әсер қалдырады. Режиссерлік концепциядағы «шоу» элементтеріне, акробатикалық нөмірлер мен сыртқы эффектілерге тым басымдық берілуі аталған кейіпкерлердің характерлік тереңдігін ашуға кедергі келтірген. Дегенмен қойылымның екінші бөлімінде режиссерлік шешімдер драматургиялық шиеленісті қайта жандандырады. Күрес аренасындағы экшн-сахналарды кәсіби деңгейде баяндап отырған Ермахан Жұмабектің таза дикциясы мен дауыс ырғағы көрерменді нақты жарыс алаңында отырғандай сезімге бөледі. Осы тұста Қажығалидың (Нұржігіт Мүсілімов) Мұқанды Меккеге қажылыққа шақыруы және бұл сапардың интерактивті безендірулер арқылы бейнелеуі тарихи тұлғаның рухани трансформациясын көрсететін сәтті шешім болды.

Спектакльдің визуалды шешімінде костюм суретшісі Арман Теміртас пен Аят Жанділданың жұмысы ерекше атап өтуге лайық. Әсіресе, Санкт-Петербургтегі цирк сахнасындағы киім үлгілері – жай ғана тарихи стилизация емес, сол дәуірдің эстетикасын қазіргі заманғы шоу элементтерімен ұштастырған батыл шешім. Актерлердің костюмдері фактурасының байлығымен, түстерінің қанықтығымен және сахналық жарыққа (Әли Бидахмет) бейімделген жылтырақ элементтерімен ерекшеленеді.

Балуан Шолақ (Ілес Көпбосынов) бейнесі – қойылымның ең жарқын сәттерінің бірі. Актердің сахна төрінен емес, көрермен залы мен балконнан домбырамен әндетіп шығуы нағыз сал-серілік табиғатты тап басып танытты. Балконда тұрып залға орамал лақтыруы мен халық арасында жүріп ән салуы сахна мен көрермен арасындағы шекараны жойып жіберді. Бұл деталь кейіпкердің серілік болмысын ашумен қатар, Мұқанның өміріндегі ең шуақты кезеңдердің бірі ретінде есте қалды. Оның Мұқанды ауылда қалуға үгіттеп, ақыл айтатын сахнасы екі алыптың арасындағы шынайы сыйластық пен бауырластықты көрсетті.

Мұқан мен Фатима (Айбану Байболатова) арасындағы сезім желісі спектакльге ерекше лирикалық реңк берді. Олардың махаббаты бірден емес, біртіндеп, байыппен дамып, шынайылыққа ұласты. Екі кейіпкердің орындауындағы күрделі акробаттық нөмір олардың сезімдерінің нәзіктігі мен бір-біріне деген сенімін пластикалық тілмен жеткізген эстетикалық шарықтау шегі болды. Мұқанның Фатимаға деген ілтипаты мен оны өз ортасына бейімдеп, есімін өзгертуі кейіпкердің ішкі мәдениеті мен ер-азаматтық болмысын аша түсті. Олардың некелесіп, отау құру сахнасы қойылымдағы ең жылы әрі жарқын сәттердің біріне айналды. Тіпті үлкен ареналар мен жат жердегі қиындықтарға қарамастан, Фатиманың Мұқанның жанынан табылуы алып тұлғаның арқасүйер тірегі бар екенін көрсетті. Ал финалға жақын Мұқанның елге оралуы мен Фатимамен бірге өткізген сәттері оның тек күш иесі емес, сонымен қатар мейірімді жар, отбасы құндылықтарын қадірлейтін тұлға екенін айқындады.

Спектакльдің шиеленісу шегі – Саракикимен (Ақжол Амантай) болған шешуші күрес. Бұл сахна тек спорт жарысы емес, нағыз өмір мен өлім арпалысындай әсер қалдырды. Мұқанның қарсыласының бет терісін жұлып алатындай деңгейдегі қатал күресі – оның бойындағы бұғып жатқан алапат күш пен намыстың сыртқа шыққан сәті. Осы жеңіс арқылы Қажымұқанның әлемдік деңгейдегі биігі тағы бір мәрте айқындалды.

Қойылымның түйіні – Мұқанның елге оралып, әкесінің басына баруы. Бағлан Иманғазинов сомдаған кейіпкердің мола басындағы тебіреніске толы монологы көрерменді селт еткізбей қоймады. Оның өзі иеленген барлық марапаттары мен медальдарын әкесінің басына қойылған тасқа байлап кетуі – жетістіктің бастауы ата-ананың батасы мен тектік тәрбиеде екенін аңғартқан символдық ишара. Сахна төрінде «Толағайлар болғаны рас та шығар» деген өлең жолдарының оқылуы аңыз бен ақиқатты ұштастырып, көрерменге ой салды.

Финалда экраннан Қажымұқанның нақты тарихи суреттері мен ол туралы деректердің көрсетілуі спектакльдің танымдық жүгін арттырып, оқиғаны шынайылықпен түйіндеді. Залдағы халықтың ұзақ уақыт бойы толассыз шапалақ соғуы – бұл туындының сәтті шыққанының және көрермен жүрегінен орын тапқанының басты дәлелі.

Нұрсая ҚАЙРАТ,
К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің студенті

АТТЫҢ ҚҰЛАҒЫНДА ОЙНАЙДЫ

Сағыныш Тимурмен телефон арқылы тілдесіп алған соң, кездесуге келістік. Астаналық циркте қызмет ететін қыздың тілі жатыңқы. Қазақы бояуы жоғалмаған. Цирк қызметкерінің өз тілін жоғалтып алмағанына қуанып, қиялым қанат қақты. Ат құлағында ойнайтын аруды көргенше асықтым. Ұзын бойлы, қара дүрсін қыз шығар деген ойымның Сағынышты көргенде күл-талқаны шықты.

Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Цирктің алдынан талдырмаш қараторы қыз күтіп алды. Жүзі жарқын, бойы аласалау қыз баласын бір кездескенде ат үстінде өнер көрсетеді деп айту қиын.

– Сағынышсыз ба?

– Иә!

Таңданысымды білдірмеуге тырысып, сөзге тарттым.

– 2016 жылдары циркке келдім. Анам осында хореограф болып еңбек етті. Қазіргі уақытта көгершін баптайды. Сол көгершіндермен өнер көрсетеді. Екі апам мен бір сіңлім бар. Олар да осы цирк саласында қызмет етеді. Барлығымыз анамыздан үйреніп, өз таңдауымыз бойынша еңбек етіп жатырмыз. Отбасымызбен циркте қызмет істейміз. Осы жерде жүріп көп дүние үйрендім. Атқа мінуге деген қызығушылығым оянып, содан өзімді осы жерден көргім келді. Шүкір, сол арманым алдамапты. Қазір ат үстінде көптеген қойылым көрсетеміз. Әрине, жалғыз өзім жасамаймын, командамыз бар. Жеті жігіт еңбек етеді, – деді кейіпкерім.

Командалық жұмысты бірге істейтін қыз-жігіттердің қай-қайсысы да өз ісінің шебері. Соның ішінде Сағыныштың ат құлағында ойнауы көптің көңілінен шығыпты.

– Біз өнер көрсетіп болған соң, көрермендер тарапынан мақтау сөздер айтылып жатады. Әрине, бұл шабыттандырады. Біздің де мақсатымыз сол, көрерменді жалықтырып алмай, көңілінен шығатын дүние ұсыну ғой. Шүкір, анашым да, апаларым мен сіңлім де елдің алдында өнер көрсетіп жүр. Бастысы басымыз аман болғай, өз басым отбасыммен мақтанғым келеді, – дейді Сағыныш Тимур.

Бір жылдары Қытайға барған қазақ қызын жергілікті мамандар жақтыра қоймапты. Себебі кішкентай қыздың ат үстінде өнер көрсете алатынына сенім арта алмаған. Алайда Сағыныш өнері арқылы мамандарға өзін дәлелдеген. Кейіннен қуана қол соққан қытай мамандары қаршадай қыздың өнерін бағалапты.

– Алғашқыда кім болса да көзін жеткізіп алмайынша, өнеріңе баға бере алмайды. Сыртқы пішініңе қарап болжап қоюы мүмкін, бірақ қалай болған күнде де өз мінезіңді, біліміңді, қайсарлығыңды көрсете алсаң, өнер қақпасы өзінен-өзі ашылып тұрады. Оның үстіне біздің жұмыс командалық болғаннан кейін өз басымда аса қорқыныш бола бермейді. Бастысы ат үстінде өзіңді жоғалтып алмауың керек. Сенімді бол, сонда ғана дегеніңе қол жеткізе аласың, – деді әңгіме барысында Сағыныш өткен күндеріне шолу жасап отырып.

Әлемге аты таныла бастаған қаршадай қыздың жылқы жалына жармасып келе жатқанына биыл 8 жыл толыпты. Өзінің айтуынша, әзірге аттан түскісі жоқ. Шетелге жиі шығып тұратын өнерпаздың өз елінің ішінде жүріп өзгелерді мойындата білуі – жетістік. Қызға тән қылығын жоғалтпаған Сағыныштың арманы да асқақ. Болашақта жастарды тәрбиелегісі келеді. Олардың уақытының бос өтпеуіне барын салып, білгенін үйретсем деген ниеті бар. Көрерменін қуанта алған арудың алар асуы әлі алда. Ол қазақ байрағын желбірете беремін деп сеніммен айтты. Сенім арттық.

Алаш аспанының астында ат үстіндегі қазақтың аруы қуаныштың қиқуын салып барады. Жылқы оны, ол жылқыны жақсы танып алған. Тынысты тереңнен алып, құлашын кеңге жайып, ақ боз аттың үстінде арманын аласартпаған Сағыныштың сәулелі сәті түгесілмегей!

№37 (4935) 31/03/2026 Сейсенбі



ТҮРКІСТАН ТЕАТРЫ ТӘНТІ ЕТТІ

Түркістан музыкалық драма театры елордаға гастрольдік сапармен келіп, бас қала көрермендеріне қос спектакль ұсынды. Алғашқысы – «МузАрт» музыкалық драмасы, екіншісі – «Қара сөз. Абай» пластикалық қойылымы.

Жаңа XXI ғасыр туғанда, қазақ эстрадасында «МузАрт» үштігі жарқ ете қалды. Бастапқыда Мейрамбек Беспаев, Мақсат Базарбаев, Сәкен Майғазиев сынды әншілерден құралып, кейіннен Мақсаттың орнын Кенжебек Жанәбілов ауыстырды. Келе-келе үштік ансамбльге айналды. Биыл бұл ансамбльдің құрылғанына 25 жыл толып отыр. «МузАрт» драмасы осы топтың тарихынан сыр тарқатады.



Өткен жылдың желтоқсан айында көрермендерге жол тартқан қойылым идеясының авторы – Мерей Маханов. Қазыбек Аманжолдың қаламынан туған туындыны «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Әли Бидахмет сахналады. Спектакльде топтың қалыптасуынан бастап, шығармашылық ізденістері, алғашқы әндері, халықтың жылы ықыласы, гастроль сапарлары, топ атауының қойылуы сияқты маңызды сәттер қамтылған. Сонымен қатар өнер жолындағы қиындықтар, топтағы ішкі дағдарыс, достықтың сыналуы сынды сәттер драма ретімен көрініс тапқан.



«МузАРТ» ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңіне жазылған композитор Қанат Ибрагимовтың «Сенің көзің» әнімен өнер көгінде сапарын бастады. Топ әншілері жағымды дауысымен, репертуарындағы есті әндерімен жұртты баурап алды. Олар лирикалық туындылармен қатар отаншылдық бағытындағы шығармалармен де ерекшеленді. Елге бұрыннан белгілі Қадыр Мырза Әлінің өлеңінен туған Нұрғиса Тілендиевтің «Өз елім», Алтынбек Қоразбаевтың «Сағындым Алматымды» (өлең авторы – Серікбай Оспанов) әндеріне жаңа тыныс берді. Спектакльде осындай әндер шырқалып, Мақсат топтан неге кетті деген сұраққа жауап беріледі. Қойылымда драматимзге толы көріністер де жетерлік. Соның бірі – Мейрамбектің ауырып қалып, Германияда ота жасату сәті. Бас кейіпкерлер – Мейрамбек, Мақсат, Сәкен, Кенжебек бейнелерін сомдаған әртістердің еңбегін атап өткен жөн. Актерлер танымал әншілерді зерттеп, олардың қимыл-қозғалысы, дауысына дейін салуға тырысқаны байқалды.

Ал «Қара сөз. Абай» – ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының рухани мұрасын заманауи пластикалық тілмен сөйлететін философиялық туынды. Спектакльде ақынның өмір жолы мен шығармашылық ізденістері, рухани арпалысы мен кемелдікке жету сапары пластикалық би арқылы бейнеленеді. Қойылым тоғыз көріністен суреттеліп, әрқайсысы адам өмірінің белгілі бір кезеңін, ішкі толғанысын және рухани дамуын сипаттайды. Туындының құрылымы көктем нышаны болған құс бейнесінен басталып, адамның ішкі жарығы мен сенімінің қайта оянуымен аяқталады. Абайдың «Қара сөздері» арқылы көрермен өзінің ішкі жан дүниесіне үңіле алады.

Спектакльдің қоюшы режиссері Мәдина Мұратбекова, композиторы Хамит Шаңғалиев, балетмейстерлер Анна Цой, Әділет Таменов, Аида Жақсылықова, сценограф Нұрлан Төлешов еңбегінің нәтижесінде қойылған қойылымға театр мамандары жоғары баға берді.

«Заманауи сахна тілі мен формасы табылған, эстетикасы мен стилі үйлескен, көркемдік шешімі тәнті еткен қойылым болды» деді спектакльді тамашалаған театр режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Асхат Маемиров.

ШІЛДЕБАЕВТЫҢ ШЫРАЙЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Роза Бағланова атындағы «Қазақконцерт» мемлекеттік академиялық концерт ұйымында танымал композитор Қуат Шілдебаевтың «Отан ана» атты шығармашылық кеші өтті.



Қуат Шілдебаев симфониялық, камералық, хор, халық аспаптарына және кинофильмдерге арналған шығармалар жазды. Оның туындылары «Отырардың күйреуі», «Қош бол, Гүлсары», «Балалық шағымның аспаны», «Шал», т. б. фильмдерде пайдаланылды.

Өткен жылы АҚШ-та «Global Music Partnership Press» баспасы композитордың жеке скрипка мен ішекті ансамбльге арналған «Қаракемер» күйін жарыққа шығарды. Осылайша, композитор шығармасы американдық басылымда жарияланған Қазақстанның алғашқы өкілі атанып, бұл оның халықаралық деңгейде танылуындағы маңызды кезеңге айналды. «Қаракемер» күйі Қазақстанның Нью-Йорктегі Бас консулдығының қолдауымен Нью-Йорк қоғамдық кітапханасының қорына енгізілді. Шығарманың премьерасы Гарвард университетінде және Бостондағы Бейнелеу өнері музейінде өтті.

Астанадағы кеш – Қуат Шілдебаевтың алғашқы жеке шығармашылық кеші. Композитордың туындылары «Saz&Soul» тобы мен «Астана» эстрада-симфония оркестрінің сүйемелдеуімен орындалды. Танымал әнші, марқұм Батырхан Шөкеновтің репертуарында болған бірнеше ән – дәл осы композитордың шығармалары. Концертте сондай әндердің қатарындағы «Қайран көңіл», «Сағым дүние», «Отан ана», «Жан ана», «Кешір мені», «Аманат», «Аялаған арман-ай», «Сәуле» әндері және танымал кинофильмдерден алынған музыкалық шығармалар орындалды. Бұл туындыларды Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Ардақ Балажанова, Ренат Гайсин, Дильназ Ахмадиева, Дәурен Серғазин, Жанар Дұғалова, «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісінің иегері Анна Уварова, талантты әншілер Қайрат Баекенов, Марсель, Шаба Әденқұлқызы, дарынды қобызшы Олжас Құрманбек, республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаттары Ербол Тәжібаев, Дидар Әбдухалық, Нұрай Шеру, Әли Оқапов, Мәди Рымбаев, Гаухар Өмірзақова және Ақмаржан Құрманбек шырқады.

Бетті дайындаған **Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

СЕМСЕРЛЕСУ ШЕБЕРЛЕРІ ЖИНАЛДЫ

Елордада ерлер мен әйелдер арасында сапы бойынша семсерлесуден әлем кубогы өтті. Бұл – Халықаралық семсерлесу федерациясы (FIE) қолдауымен ұйымдастырылатын маңызды турнирдің бірі. Қазақстан мұндай деңгейдегі жарысты тарихта алғаш рет өткізді.

FIE халықаралық күнтізбесіне жыл сайын осы санаттағы небәрі 5 турнир енеді. Аталған жарыс дәстүрлі түрде Швейцария, Германия, БАӘ және Канада елдерінде өтеді. Биылдан бастап бұл тізімге алғаш рет Қазақстан қосылып, Орталық Азияда әлем кубогын өткізу құқығына ие болған алғашқы ел атанды. Турнирге әлемнің 46 елінен шамамен 500 спортшы қатысты: олардың 222-сі – әйелдер, 272-сі – ерлер. Бапкерлер, төрешілер мен ұйымдастырушыларды қосқанда, қатысушылардың жалпы саны 1000 адамнан асады.

Ашылу салтанатына Туризм және спорт министрінің орынбасары Серік Жарасбаев қатысты.

«Мемлекет басшысының тапсырмасымен спорт саласында ауқымды реформалар жүзеге асып жатыр. Соның алғашқы нәтижелері қазірдің өзінде байқалуда. Биылдан бастап балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері бапкерлерінің жалақысы 30%-ға артты. Балалар спортына бөлінетін қаржы шамамен екі есеге көбейді. Басым спорт түрлері айқындалды, легионерлерді мемлекеттен қаржыландыру тоқтатылды, ұлттық спорт түрлеріне олимпиадалық спорт түрлерімен тең мәртебе берілді. Сондай-ақ халықаралық ынтымақтастық кеңейіп келеді. Спортшыларымыз халықаралық аренада табысты өнер көрсетіп, ел абыройын асқақтатуда» деді министрдің орынбасары.



Турнирде Қазақстан атынан 30 спортшы бақ сынады. Олардың қатарында Руслан Құрбанов, Эльмир Әлімжанов, Ерлік Сертай, Кирилл Проходов және Вадим Шарлаймов бар. Әйелдер арасында 24 спортшы өнер көрсетті, олардың ішінде Ульяна Писцова, София Николайчук, Каролина Фомина және Владислава Андреева бар. Құраманың бас бапкері – Олександр Горбачук. Оның жетекшілігімен Жапония құрамасы Токио және Париж Олимпиадаларында, сондай-ақ 2018 және 2022 жылғы Азия ойындарында чемпион атанған.

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс № 37

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Шапағат ӘБДІР